



АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Өтесова Гүлнар Екпінқызы,

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Тарих -23- 5 тобы студент Әзілова Динара

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан территориясындағы ортағасырлық Алтын Орда мемлекетінің тарихына қатысты араб, парсы және әр кезеңдерде Алтын Орда тарихын зерттеген ғалымдардың Алтын Орда тарихына қатысты зерттеулері негізінде жазылған еңбектеріне кең көлемде талдау жасала отырып Алтын Орданың тарихының зерттелуі жан жақты ашылып қарастырылады.

Түйінді сөздер. Алтын Орда, ортағасыр, араб, мемлекет, тарих.

Монғол шапқыншылығынан соң Қазақстан аумағы Шыңғысханның үш ұлына бөлінген ұлыстар құрамына енді Жетісудың солтүстік бөлігі және төменгі Еділ бойына дейінгі жерді қоса бүкіл Шығыс Қыпшақ даласы Шыңғысханның үлкен ұлы Жошының үлесіне тиді. Екінші ұлы Шағатайға Жетісу аймағы және Маураннахр мен Шығыс Түркістан, үшінші ұлы Үгедейге Жоғарғы Ертіс пен Тарбағатай жерлері бөлінген-ді. 1227 жылы Шыңғысханның қайтыс болуымен күшпен, зорлықтан құрылған империясының ордасы сөгіле бастады. Орхондағы орталық пен ұлан-ғайыр жердегі ұлыстардың шалғайлығы мен ұлыс билеушілердің мүддесі империяның ыдырап, жеке мемлекеттерге айналуына алып келді. Алтын Орда ортағасырлық Қазақстан тарихындағы ірі мемлекеттердің бірі.

Алтын Орда Жошы ұлысы XIII ғасырды 40 жылдары Бату құрған мемлекет. Оның құрамына Батыс Сібір, Солтүстік Хорезм, Еділ Бұлғариясы, Солтүстік Кавказ, Дешті Қыпшақ жерлері кірді. Жошы ханның баласы Батый ханның кезінде Орда Алтай тауынан Дунай өзеніне дейінгі ұлан-ғайыр жерді алып жатқан үлкен мемлекет болды. Орталығы алғашында Еділ бойындағы Сарай-Батуда болса, кейін Сарай-Берекеге көшірілген. Алғашқы кезде Алтын орда мемлекеті деген ұғым болмаған. Орыс деректерінде бұл атау тек XVI ғасырдың аяғында пайда болған. Шыңғысхан және оның ұрпақтары туралы жазылған «Шыңғыснама» шежіресі сақталған. Осы шежіреде мынадай аңыз бар. Шыңғысхан Жошы ханнан туған өзінің Батый, Ежен, Шайбан деген үш немересіне алтын босағалы «Ақ орда», күміс босағалы «Көк орда», болат босағалы «Боз орда» тіккізген. Алтын босағалы ордаға батыйды кіргізіп, Жошының орнына хан сайласа керек. «Алтын Орда» деген атау осыдан шыққан тәрізді. Сөйтіп Жошы ұлысының орнына алтын босағалы Ақ Ордаға кіріп, таққа отырған Батыйдың басқаруымен Алтын Орда мемлекеті құрылған.



Өткен кезеңдер туралы тарихи білім, ең алдымен дерек көздерімен анықталды. Алтын Орда мемлекетінің тарихы әртүрлі тарихи деректерде өз көрінісін табады. Алтын Орданың тарихына қатысты тарихи мәліметтердің көптүрлілігін ортағасырлық мемлекеттің геосаяси жағдайымен байланысты қарастырамыз. Алтын Ордалық жазбаша деректер ханның бірнеше жарлықтары түрінде сақталған, себебі тоқтаусыз соғыстар, өзара қақтығыстар мен тынымсыз күрес салдарынан құжаттардың көпшілігі жоғалып кеткен. Осыған байланысты араб және парсы авторларының мәліметтері ерекше маңызды болып табылады. Шығыстанушы В.Тизенгаузеннің басшылығымен 1884 жылы «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағының» бірінші томы жарыққа шықса бұл жинақ күні бүгінге дейін Алтын Орда өмірінің әртүрлі жақтарын зерттеуде маңызды болып табылады. Бұл жинақ ортағасырлық араб хроникалары мен саяхатшыларының жазбаларын біріктірген. [2.2] Алтын Орданы көзімен көрген өмірінің 30 жылын саяхатқа арнаған араб географы Ибн Батута жеке өзі Өзбек сарайында болып көрген білгендерін жазып қалдырған. «Мен дүние жүзінің бәрін араладым. Сол аралаған қалаларымның ішінде Сарайшық қаласы – Бағдат сынды дүние жүзіндегі ірі қалалардың бірі. Бағдаттағыдай мұнда да қайықтардан жасалған көпір көрдім. Қалада ханның сарайы, төрт мешіт, өте көп қонақүй бар екен. Бірақ мен оларды көріп таңғалған жоқпын, менің таңғалғаным, Жер шарын шарлап жүргенде көрмеген бір қызықты Сарайшықтан көрдім, мына жақсылық адам баласының бәріне бітсе, бақыт. Мұнда су әрбір үйге өзі барады екен». деп қала туралы өз ойын қалдырады. Алтын Орда көлемі жағынан ортағасырдағы ірі мемлекеттердің бірі. XIV-XV ғасырлардағы араб авторлары оның көлемін жуықтап көрсетеді. Араб авторларының көрсетуі бойынша оның ұзындығы 8 айлық, ені 6 айлық жолды құраған деп жазады.» Алтын Орданың тарихына қатысты материалдар жинағының» II томы 1941 жылы жарық көрді. Оның негізін парсы авторларының шығармаларынан үзінділер құрайды. [2.3] Парсы тарихшысы Жувейни Батый ханның әділдігі туралы былай деп жазған: Оның ордасына саудагерлер барлық жерлерден келіп жатты. Олар түрлі тауарларды әкелді. Ол (Батый) тауарлардың барлығын алғызып, оның үстіне бағаны артығымен төлетіп отырған.

XIV ғасырда өмір сүрген ұлы тарихшы Му'ин ад-дин Натанзи «Аноним Искендера» атты еңбегінде Алтын Орда ханы Өзбекті тілге тиек етеді. Өзбек ханды өте әділ басшы ретінде суреттеп көрсетсе автор осы еңбегінде Жәнібек хан туралы «оның әділдігі Ануширван (атақты парсы патшасы - Ж.Ж.) әділдігінен бір де кем соқпайды. Ол Өзбек Ұлысын тұтас Исламға бағындырды, пұтқа табынушылардың храмдарын түгел қиратып, көптеген мешіт, медресе салдырды.



Ислам дінін ұстанған адамдардың жағдайларының жақсы болуына басты назар аударды. Жан-жақтағы Ислам елдерінен неше түрлі оқымысты, ғалымдар осы сарайға қарай ағылды. Елдегі әмірлердің ұлдары білімдерін жан-жақты жетілдіріп ғылымға мойын бұрды, олар заманының озық ойлы азаматтарына айналды, күні бүгінге дейін олардың айтқан пікірлері, қорытқан ойлары жиын-тойда ескеріліп тұрады. Исламның басқа елдерде ұстанатын әдет-ғұрып, салт-жораларын бұл мемлекетке енгізген сол», - деп сүйсіне жазды.

Натанзи Ерзен хан жөнінде былай деп жазады: “Ақылды, турашыл, діншіл және білімге құштар болды. Азғана жылда беделі Өзбек ханның дәрежесіне дейін жетті, бірақ оған бағыныштылығын сақтады. Отырар, Сауран, Сауран, Жент, Баршынкенттегі көптеген медреселерді, ханакаларды, мешіттерді, т.б. қайырымдылық үйлерін салдырды. Әділдігі мен мейірімділігі арқасында ол бүкіл Түркістан өңірін гүлдендірді. Әлділер әлсіздерге қысымшылық жасамады, жастар жасы ұлғайғандарға сый-құрмет көрсетуден ауытқымады. Ерзен хан билік еткен тұстағы ұлт қауіпсіздігі мен гүлденуін ешкім түсінде де көрмеді” деп Алтын Орданың билеушілерінің бірі Ерзен ханға жоғары баға береді.

Рашид ад Диннің «Джами ат- тауарих » еңбегі Шыңғыс ханның тарихы мен қызметін, сондайақ монғол ұлыстарының тарихын жан жақты сипаттайды. Бірақ бұл еңбекте Алтын Орданың тарихына шамалы ғана назар аударылып, оның дамуының негізгі кезеңдері көрсетілген, бірақ жаулап алынған монғол билігіндегі аумақтардың әкімшілік құрылысы мен оны ұйымдастыру мәселелері бойынша көптеген салыстырмалы материалдар берілген. Алтын Орда туралы орыс жылнамалық деректерінің де маңызы зор. Алтын Орданың бір бөлігі бола тұра, олар ішкі оқиғалар туралы, князьдардың сапарлары, қақтығыстар жөнінде тарихи - жағрапиялық сипаттағы ақпараттарды да жазып қалдырған. Орыс жылнамаларында сондайақ Батый ханның Алтын Орданың экономикалық қуатын арттырып, қалалық өмірдің жандануына ерекше көңіл бөлгенін айтылады.

Алтын Орда туралы жағрапиялық мәліметтер XIV ғасырға қатысты, ал мемлекеттің аумағын белгілеген алғашқы мәліметтер Плато Карпини мен Гильом Рубрукке тиесілі.

Итальяндық Плато Карпини, францискандық монарх орденінің негізін қалаушы Рим папасы IV Иннокентийдің арнайы тапсырмасымен 1245 жылы сәуірде Лионнан Еділ бойындағы Батый ордасы Сарай Батуға аттанады. Гильом Рубрук - Минорит орденінің монахы, 1248 жылы кресшілер мұсылмандарға қарсы жорықта жеңілген соң Людовик IX тапсырмасы бойынша монғолдармен одақтасу үшін 1253 жылы мамырда Константинопольден Қырымға, одан Еділдегі Батый



Ордасына келеді. [1.4] Осы ортағасырлық еуропалық саяхатшылар Плано Карпини мен Гильом Рубрук шығармаларында маңызды және құнды жағрапиялық, сондайақ саяси әкімшілік ақпараттар жинақталған. Алтын Орда тарихы мен дінінен мол ақпарат беретін түркі деректерінің қатарына Өтеміс қажының Шыңғыс наме еңбегін айтуға болады өкінішке орай бұл еңбек зерттеушілер назарынан әлі күнге дейін тыс қалып келе жатыр. Орта ғасырлық тарихшы Қадырғали Жалаиридін “Шежірелер жинағы” атты еңбегіндегі тарихи мәліметтерде Алтын Орданың қазақ хандығымен байланыстың бар екендігін дәлелдейтін құнды тарихи шығарма болып табылады.

Алтын Орданың тарихының зерттеулеріне келер болсақ алғашқы ғылыми зерттеулер Ресей тарихи ғылымы аясында қалыптаса бастады. XIX ғасырда Ресейлік тарих ғылымы, ең алдымен Алтын Орданың қалаларының санын, олардың атауларын жазба және нумизматикалық деректер негізінде анықтауға қажетті нақты тарихи деректерді қарастырады. Бұл тақырып бойынша Х.М. Френ, В.В. Григорьев, Ф.К. Браун еңбектері белгілі болды. Алтын Орданың астанасы Сарай қаласында археологиялық қазба жұмыстарын XIX ғасырдың бірінші жартысында А.В. Терещенко жүргізді. Алтын Орда қалаларын зерттеушілер қатарына біз Г.А. Феодоров- Давыдовты та қосамыз. Ол төменгі Еділ бойында ұзақ жылдар бойы археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп Алтын Орда тарихы мен мәдениеті туралы материалдар жинақтады. Алтын Орданың нақты археологиялық ескерткіштерін зерттеуге К.И. Новоструевтің және С.М. Шпилевскийдің еңбектері де арналған.

Белгілі шығыстанушы И.Н. Березин «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» атты жинақ шығарып, оған Рашид ад - Дин, Мұхаммед Шайбани, Қадырғали Жалаири, Әбілғазы еңбектерінің орыс тіліндегі аудармасын енгізген. Ғалым Алтын Орда тарихымен айналысып, Жошы ұлысы хандарының жарлықтарын зерттеген. И.Н. Березиннің Внутреннее устройство Улуса Джучиева атты еңбегінде Алтын Орданың әлеуметтік жүйесі туралы бірең сараң мағұлматтар табуға болады. Автор еңбегінде көбінесе бірқатар мансаптардың тізімін берумен шектеледі.

Ресей зерттеушілері бастапқы кезеңнен -ақ монғолдарды бөгденің жерін басып алушы басқыншы, варвар ретінде көрсетуді көздеді. Алтын Орданың саясатының жағын ғана көрсетуге тырысты. Мұндай пікірлер бастапқы кездегі орыстың белгілі тарихшылары В.Н. Татищев, М.М. Шербатов, П.И. Рычков еңбектерінде көрініс тапты. Бірақ орыс зерттеушілерінің келесі бір тобы татар - монғол зардаптарының езгісін сипаттай отырып, Ресей мемлекеттілігінің қалыптасуына Алтын Орда сыртқы саясатының оң әсері болғанын мойындады.



Бұл көзқарасты қалыптастырушы тарихшы М. Н. Карамзин болды. Оның пікірі М.Н. Погодин және тағы басқа зерттеушілер еңбектерінде көрініс тапты. Олардың пікірінше монғол- шапқыншылығынан кейінгі Алтын Орда билігі дәуірінде Русь жерінде князьдардың алауыздықтары, талас- тартыстары тоқтатылып ұлы князьдың билігі күшейді және мемлекеттіліктің негізі осы кезеңде жасалды деген тұжырымдамалық қорытынды жасайды.

Белгілі ғалымдар Б. Греков пен А. Якубовскийдің Золотая Орда (Очерк. Истории Улуса Джучи в период сложения и расцвета в XIII-XIV вв.) ізденістері нәтижелі болды. Бұл еңбекте Орда тарихына қатысты материалдармен қатар рухани мәдениеттің негізі болып табылатын әдебиет пен тілге қатысты құнды мәліметтер бар. Кеңестік тарихнамада Б. Греков пен А. Якубовскийдің бірігіп жазған зерттеу еңбегі КСРО да 1937 жылы жарық көрді. Бұл еңбекте авторлар Алтын Орданың қиратушылық саясатын көрсетсе екінші жағынан орыс жылнамалары мен шығыс деректері негізінде Алтын Орданың саясатына позитивті оң баға береді. Феодоров- Давыдов Алтын Орданың саяси құрылымының тарихын арнайы зерттеген ғалым болып табылады. Феодоров- Давыдовтың 1966 жылы жазылған «Кочевники Восточный Европы под властью Золото Ординских ханов» деп аталатын әйгілі еңбегінде әрбір ел басқарып отырған хандарға олардың ұстанған саясатын ашып көрсете отырып баға береді. Автордың сондайақ 1973 жылы жазылған «Общественный строй Золотой Орды» еңбегі де маңызды болып саналады.

1966 жылы Мәскеуде жарық көрген С. Закировтың «Дипломатические отношения Золотой Орды с Египетом XIII-XIV вв.» еңбегі Алтын Орда мен Мысыр Мәмлүк мемлекеті арасындағы дипломатиялық байланыстарды ашуға бағытталған кеңес және әлем тарихнамасындағы алғашқы зерттеу болып табылады. [4.5]

Орыс тарихшыларының ішінде В.П. Юдиннің Алтын Орда тарихына арнаған бірнеше еңбектері бар. «Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда» атты еңбегінде Алтын Ордаға тоқталады. В.П, Юдиннің Алтын Орда туралы жазған еңбектері әлі күнге дейін маңызды болып табылады.

Алтын Орда тарихын ден қойып зерттеген қызығушылықпен зерттеген орыс тарихшыларының бірі Р. Ю. Пачекаев болды. Оның «Право Золотой Орды», «Цари Ординские. Биография ханов и правителей Золотой Орды» еңбектерінде Алтын Орда билеушілерінің өмірбаяндық мәліметтері және Алтын Орданың рухани өмірінен аса бай құнды мәліметтер келтіріледі

Алтын Орданың тарихына қатысты маңызды зерттеулердің бірі профессор Ф. Балоодтың Приволжские Помпей атты еңбегі 1919-1921 жылдар аралығында



Алтын Орда мемлекетінің астанасы болған Сарай және тағы басқа ірі қалаларына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде жинақталған материалдық деректер негізінде жинақталған. Алтын Орда тақырыбы саласындағы арнайы зерттеудің қатарында М.Г. Сафарғалиевтің 1960 жылы жазылған Распад Золотой Орды атты еңбегі Жошы ұлысының яғни Алтын Орда мемлекетінің құрылуынан бастап, оның құлауына дейінгі саяси тарихын баяндайды.

Алтын Орданың тарихнамасы ХХ ғасырдың 90- жылдарында Ресей ғылымының перспективті бағыттарының біріне айналды. Жетекші зерттеушілердің бірі татар ғалымы М. Усманов ортағасырлық мемлекеттің тарихын зерттеуде бірқатар мәселелерді қойып белгіледі. Мұндай тарихнамалық мәселелерге ол Алтын Орда тарихын фальсификациялауды, монополизациялауды және стереотиптерді таңуды жатқызды.

Төңкеріске дейінгі тарихшы атаулының барлығы қазақтарды Алтын Орданың мұрагері деп таныды. Танымал ғалымымыз Шоқан Уәлиханов қазақтар өздерін Алтын Орда халқының ұрпағы деп санайтынын жазды. Дәл осы ғылыми консенсус Қазан төңкерісінен кейін де 20 жыл бойы сақталды.

1940-жылдары қазақ жазушысы Қажым Жұмалиев Едіге пьесасын қойды. Сәбит Мұқанов 1942 жылы шыққан «XVIII — XIX ғғ. қазақ әдебиеті тарихының очерктері» кітабында: «Моңғолдың Шығыс пен Орта Азияны түгел билеген Шыңғыс ханы қайтыс болған соң, тұңғыш ұлы Еділ жағасында «Алтын Орда» мемлекетінің негізін қалады. Мемлекет 300 жыл бойы дәуірледі деп жазды. 1944 жылы Әлкей Марғұлан Едігенің өміріне арналған «Ертегідегі Едіге мен тарихтағы Едіге» ғылыми монографиясын жазып шықты. Өкінішке орай Әлкей Марғұланның бұл еңбегі бізге жетпеді. Кеңестік кезеңде 1944 жылдан бастап Алтын Орданы зерттеуге тыйым салынып, Алтын Орда атауының өзі жек көрінішті етілді. Қазақстанның ресми тарих ғылымында Алтын Орда «қазақтардың ата-бабаларының (қыпшақтар) жерін жаулап алған жат мемлекетке» айналды. 1950-жылдары кеңестер билігі «Алтын Орда» концептісіне түбегейлі жат таңбасын басып, «Қазақстанның ұлттық тарихынан» шығарып тастады. 1983 жылы белгілі жазушымыз Ілияс Есенберлин «Алтын Орда» трилогиясын көпшілік назарына ұсынса, жазушы осы шығармасында Алтын Орданы Қазақ хандығының атасы ретінде суреттеді.

Тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде Алтын Орда тақырыбында 4-ақ ғалым қорғапты. Қазіргі кезеңде бұл мемлекеттің тарихын отандық тарихшылар Әшірбек Момынов, Меруерт Әбусейітова, Радик Темірғалиев, Нәпіл Базылхан зерттеп, зерделеуде. Десек те, оның тарихи жазба деректерге негізделген кешенді, шынайы тарихы әлі де жазылмай келеді. Алтын Орда тарихының заманауи



мемлекеттерге, үлгі болар тұстары жеткілікті. Сондықтан да оның тарихын қайта зерделеп, әлемге таныту қажет. Бұл алдағы күндердің еншісінде болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақстан тарихы Жоғары оқу орынына арналған оқулық Алматы кітап Қазақстан (қазақ елі) тарихы. 4 кітаптан тұратын оқулық. Қазақстан XIII-XVIII ғасырлардың алғашқы ширегінде .2-кітап . Алматы.2017
2. Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. Т. II. –Алматы: «Атамұра», 1998.
3. Батыршаұлы Бақытты. Мысыр мәмлүк мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары. XIII-XV ғғ. Зерттеу. А.: «Экономика», 2005.

